



№ 13 (1482)  
16 сәуір  
2013 жыл

# УНИВЕРСИТЕТІ

## 65 жыл

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

www.kaznu.kz

## Орта Азия ЖОО-лары ішіндегі ең ірі кітапхананың тұсауы кесілді

13 сәуір күні әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Алматы қаласының әкімі Ахметжан Есімов, сонымен бірге шетел дипломатиялық корпус өкілдері, Алматыда тіркелген халықаралық ұйымдар басшылары, шетелдік қонақтар бас қосты.

«Наурыз – жыл басы» мерекесін тойлай келген қонақтар салтанатты шараның алғашқы ресми бөлімінде ҚазҰУ-дың Ғылыми кітапханасының сауескер рәсіміне куә болды. ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов сөз алып, келген меймандарды ҚазҰУ-дың Ғылыми кітапханасымен таныстырып өтті.

Бүгін заманауи жабдықталып, үлкен ғимаратта жас ғалымдарымыздың, студенттеріміздің, оқытушы-профессорларымыздың игілігіне пайдаланылуға беріліп отырған ҚазҰУ-дың Ғылыми кітапханасы - Орта Азия ЖОО-ларындағы ең үлкен кітапхана. Ол екі миллионнан астам кітап қорымен қамтылған», - деп атады ректор. Сонымен бірге бүгін оқырмандарды бай кітап қорымен қауыштырып отырған жаңа кітапхана ғимаратының алғашқы кірпішін ҚР Президенті, ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаев қалағанын да тілге тиек етіп, барша білімгерлерді, ЖОО өкілдерін жаңа мәдениет ошағымен және Наурыз мерекесімен құттықтады.



Университет басшысынан кейін жылы лебізін жеткізген Алматы қаласының әкімі Ахметжан Есімов жаңа жылда жаңа бастамалар жасап, игі істер атқарып жатқан ҚазҰУ ұжымына алғысын білдіріп, дипломатиялық корпус өкілдеріне, шетел қонақтарына

жыл басы - Наурыз туғанда қазақ елі игі бастамаларға толы болатындығын ерекше ықыласпен жеткізді. Бұдан соң А.Есімов пен Ғ. Мұтанов ҚазҰУ Ғылыми кітапханасының тұсауын кесті.

Келген қонақтар, дипломатиялық корпус өкілдері салтанатты рәсімнен кейін жаңа мәдениет ошағымен танысып, абонемент бөлімдерін, кітапхана ішін аралап шықты. Аталмыш жаңа ғимараттың ашылуына дейін «әл-Фараби

Ғалым МҰТАНОВ,  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
ректоры:

### ЖАСАМПАЗ БАСЫЛЫМ

20 сәуір күні қасиетті қара шаңырағымыздың төл басылымы «Қазақ университеті» газеті 65 жасқа толады. Алғашқы кезде «За отличную учебу», «Казахский университет» деп аталған газеттің тар жол тайғақ кешуден өтіп, түрлі кезеңдерді бастан кешіргені де шындық.

Уақытына сай газеттің формасы, сапасы әртүрлі болып, мақсат-міндеті де өзгеріске ұшырап отырған. Ал бүгінгі «Қазақ университеті» газеті – заманның сұранысына сай түрленген, толысқан, өзіндік бағыты, берік ұстанымы бар басылым. Университетіміздің асқақ абыройын танытатын, тыныс-тіршілігін, жаңалығы мен жетістігін тасқа басып, тарих қойнауына табыстайтын, ұлағатты ұстаздарымыз бен ғалымдарымыздың озық идеялары мен ой-пікірі көрініс табатын, апта сайын жарық көретін жаңашыл басылым.

Әрине, ұшқыр ой мен қарымды қаламды талап ететін газет шығару ісінің жауапкершілігі зор, жүгі де ауыр. Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсынұвша айтқанда, университетіміздің «көзі, құлағы һәм тілі» болып табылатын газетіміздің мерейтойы құтты болсын!

«Қазақ университеті» газеті редакциясының ұжымына шын жүректен зор денсаулық, шығармашылық шабыт, табыс тілеймін! Істеріңіз алға баса берсін!

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

## «САД МИРА»



В КазНУ состоялся праздник «Наурыз - начало нового года», который ежегодно проводится в лучших традициях казахского народа. В мероприятии приняли участие главы дипломатических миссий и международных организаций, аккредитованных в Алматы, представители культурных центров, руководство городского акимата, преподаватели и студенты университета.

В знак укрепления дружбы между Казахстаном и странами-партнерами состоялась торжественная закладка «Сада мира», призванного стать олицетворением солидарности, согласия и взаимопонимания между народами.

Представители международных организаций и посольств США, Франции, Великобритании, ФРГ, КНР, Республики Корея, Польши, Венгрии, России, Украины, Афганистана, Турции, Таджикистана, Туркменистана, Узбекистана, Кыргызстана посадили саженцы магнолии, сакуры, сирени, спиреи, клена, красной березы, туи,

миндаля и других видов деревьев, привезённых из своих стран.

Зеленый сад разбит возле новой научной библиотеки КазНУ, которая была открыта во время праздника и является самой крупной среди вузовских библиотек Центральной Азии.

Зарубежные гости, преподаватели и студенты посмотрели грандиозное праздничное театрализованное представление, ознакомились с колоритом убранства юрт, отведали наурыз-коже и другие блюда казахской национальной кухни.

Соб. корр.

БҮГІНГІ САҢДА:

БҮГІНГІ САҢДА:

БҮГІНГІ САҢДА:

ОҚЫРМАНҰСЫНЫСЫМЕН  
БӨЛІСТІ

БІЗДІҢ ГАЗЕТ  
65 ЖАСТА

ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТТЕ



3-бет

6-бет

8-бет

ҰЛТТЫҚ МЕЙРАМ ҰЛЫҚТАЛДЫ

ҚазНУ им. аль-Фараби а вице ректора Галыма Мутанова стал единственным среди вузов Казахстана и стран Центральной Азии, получившим официальное приглашение и вступившим в состав Международной ассоциации ректоров университетов - International Association of University Presidents (IAUP).

## Признание и престиж

«ҚазНУ им. аль-Фараби зарекомендовал себя как активный участник программы ООН «Академическое влияние» и заслужил международное признание», – особо подчеркнул в письме президент IAUP Нил Кинг.

Вступление в IAUP позволит КазНУ стать полноправным участником и инициатором мероприятий, проводимых под ее эгидой совместно с крупнейшими международными организациями в

сфере устойчивого развития, науки и инноваций, человеческого капитала и многих других.

Международная ассоциация ректоров университетов – неправительственная организация с высоким консультативным статусом в Экономическом и Социальном Совете ООН и ЮНЕСКО. Она основана в 1964 г. со штаб-квартирой в Нью-Йорке (США) и объединяет 400 организаций из 80 стран мира. В состав IAUP входят руководители высших учебных



INTERNATIONAL ASSOCIATION OF  
UNIVERSITY PRESIDENTS

заведений Европы, США, Канады, Китая, Японии, Индии, Австралии и других стран.

Соб. корр.

## «Қазақ университеті» газеті бас редакторларының тізімі:

1948 ж. – С. Төлешов  
1948-1959 ж.ж. – деректер жоқ  
1960 ж. – Ш.Елеукеinov  
1961-1965 ж.ж. – деректер жоқ  
1966 ж. – Г. Колосов  
1966-1967 ж.ж. – Ю.А. Крикунов  
1968-1973 ж.ж. – деректер жоқ  
1974-1975 ж.ж. – Ш.Г. Сармурзина  
1975-1976 ж.ж. – С.Қ. Қозыбаев  
1976-1978 ж.ж. – П.Т. Солкин  
1978 ж. – Т.И.Иманбеков  
1978-82 ж.ж. – Ә. Ы.Ыдырысов  
1983 ж. – А.К. Кусаинов  
1983-1984 ж.ж. – Е.Ж. Азбергенов  
1984 ж. – Д. Ысқақов  
1985-1990 ж.ж. – деректер жоқ  
1991 ж. – Т. Әбдіков  
1991 ж. – О. Бекей  
1992-1993 ж.ж. – деректер жоқ  
1994 ж. – Д. Ысқақов  
1995 ж. – А. Рожков  
1995-1996 ж.ж. – Г. Сұлтанбаева  
1996-1997 ж.ж. – М. Мұқашева  
1997 ж. – Б. Атаев  
1997-1998 ж.ж. – Қ. Қамзин  
1998 ж. – Қ. Сақ  
1998-2000 ж.ж. – С. Медеубекұлы  
2001-2006 ж.ж. – Б. Әшірбаев  
2006-2011 ж.ж. – Д. Смайыл  
2012 жылдан бастап С.Әлімбаева

*(«Қазақ университеті»  
газетінің тарихына  
байланысты дереккөздері әлі  
де толықтырылып, зерттеле  
түспек. Оқырманда газетке  
қатысты деректер болса,  
редакцияға табыстауын  
сұраймыз.)*

*Дайындаған, ҚазҰУ Ғылыми  
кітапханасының қызметкері  
Шынар МҰҚАШЕВА*

## Талапкерлерге есік ашық

15 сәуірдегі ректорат мәжілісінде оқу жұмысы жөніндегі проректор Уәлихан Сейділдәулының 2013-2014 оқу жылына контингент қалыптастыру туралы хабарламасы тыңдалды.

Проректор биылғы мектеп бітірушілерінің жалпы саны мен білім деңгейі, құзыреттілігіне сараптама жасай отырып, талапкерлер санын арттырудың жолы мен әдіс-тәсілдерін ұсынды. «Мектеп бітірушілер өткен жылмен салыстырғанда азырақ, бірақ білім деңгейі жағынан дес бермейді», – деді проректор. Ол «Алтын белгі»

Жалпы жиыны 4 миллионнан астам қаражатты құрайтын мұндай көлемдегі шәкіртақы табыстау рәсімі бұған дейін болмаған. Студенттер де өз тараптарынан шын жүректен алғыстарын білдірді. Бұл игілікті көпшілік наурыз тойының шапағатына балады.

иелері мен үздік оқушылар санын өткен жылмен салыстыра отырып, ҚазҰУ-дың 5000 студент қабылдауға дайын екендігін айтты.

Мектеп бітірушілердің ҚазҰУ-ға қызығушылығын анықтауда «Әл-Фараби» олимпиадасының қорытындысына сүйенеріміз анық. 2012 жылы оған 7000 оқушы атсалысса, биыл 10000 оқушы қатысқан. Ал Қарағанды, Қызылорда, Павлодар облыстары көш бастап тұр.

Сонымен, проректор абитуриент шақырудың мынадай жолдарын ұсынды: біріншіден, «әл-Фараби» журналының екінші нөміріне ҚазҰУ жайлы толық ақпарат жариялау; екіншіден, халықаралық көрмелерге қатысу арқылы ҚазҰУ-ды жарнамалау; үшіншіден,

виртуальды мектеп құру. Олардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталған Уәлихан Сейділдәулы виртуальды мектеп құруға баса назар аударды. «Оқушылармен тығыз байланыс орнатып, өзара қарым-қатынасты жолға қоятын бұл жобаның ұтымдылығы жоғары болмақ», – деді ол. Сонымен қатар проректор өз хабарламасында ҚазҰУ жетістіктерін БАҚ-та кеңінен жариялауды ұсынды. Ол үшін әрбір факультет тек жарнамалық емес, нақты ҚазҰУ жетістіктері жайлы 5 жарияланым шығаруы тиіс. Табысқа жеткен түлектермен сұхбат ұйымдастыру, интернетті жаулау керектігін де алға тартты.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 15 сәуірдегі ректорат мәжілісінде айрықша оқиға орын алды. Ректор Галым Мутанұлының шәкіртақы табыстау жайлы игі бастамасын университет ұжымы қызу қолдағаны белгілі. Кезекті мәжілісте тағайындалған 50-ден астам атаулы шәкіртақы – соның жарқын көрінісі болды.

## 50-ден астам атаулы шәкіртақы тағайындалды

Атаулы шәкіртақылар талай жанға қуаныш сыйлап, демеу берді десек артық айтқандық болмас. Бұл жастарға көрсетілген үлкен қолдау, әлеуметтік қамқорлық. Шәкіртақы өоқуда озат, қоғамдық жұмыста белсенділік танытқан студенттермен қатар, әлеуметтік жағдайы төмен тәлімгерлерге көмек ретінде ұсынылып келеді.

Ректор Галым Мутанұлы мәжілісте студенттерге қарата тағы бір қуанышты хабарды жеткізді. «Енді ғылым жолына түсіп, еңбек етіп жатқан ҚазҰУ студенттеріне еңбек кітапшасы ашылатын болады. Бұл студенттер үшін еңбек өтілі әрі пайдалы тәжірибе болмақ», – деді.

Бұл мәжілісте «Ұстаз» жоғары оқу орындары ассоциациясының төрағасы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ректоры Серік Пірәлиев пен Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу

мемлекеттік университетінің ректоры Әбдіманап Бектұрғанов атынан «XXI ғасыр оқытушысы» атты ҚР жоғары оқу орындарының жас оқытушылары арасында өткізілген республикалық байқауға университет оқытушыларының белсене қатысқаны үшін әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Галымқайыр Мутанов алғыс хатпен марапатталды.

Осы орайда «Қазақ университеті» баспасы да «Ұлы жібек жолы бойымен» VII Халықаралық кітап және полиграфия көрмесінен үлкен жеңіспен оралғанын айтып отыр. ҚазҰУ баспасы «Үздік оқу құралы» номинациясы бойынша Галымқайыр Мутановтың «Экономико-математические методы и модели» еңбегі үшін 1-дәрежелі дипломы және «Ең үздік ЖОО баспасы» дипломына ие болды.

Атап өтерлік тағы бір жайт, мәжілісте Италияда ерлер арасында өткен

коньки тебу спорты бойынша әлем кубогының барлық деңгейлер қосындысы негізіндегі бас классификацияда 500 м дистанцияда I орын алғандығы үшін биология және биотехнология факультетінің 1-курс студенті Эссамамбо Дарсиль сертификатпен марапатталды. Эссамамбо Дарсиль 2014 жылы өтетін (Ресей, Сочи қаласы) қысқы олимпиада ойындарына жолдаманы ұтып алды. Сонымен қатар «Инновациялық идеялардан оларды жүзеге асыруға дейін» тақырыбындағы V республикалық студенттер олимпиадасының қорытындысы бойынша «Гениальная молодежь университета», «Time Team», «Manager.kz» «Серебро», «Одуванчики» топтары жетістіктері таныстырылды. Жетістік иелерін шын жүректен құттықтай отырып, ҚазҰУ беделі, биік мәртебесі асқақтай бергей демекпіз.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА

Әлемдік тәжірибеде университеттерде құрылған экосаябақтардың бірнеше мысалдары бар: Стокгольмде (Швеция), Варна (Болгария), бұрынғы Кеңес Одағы территориясында Нарва (Эстония), Ресейде Волгоград Мемлекеттік университетінде, Алтай Мемлекеттік университетінің экосаябағы.

## СТУДЕНТТЕР ЭКОСАЯБАҚ ИДЕЯСЫН ҚОЛДАЙДЫ

ҚазҰУ экосаябағы университет аумағында «жасыл экономика», альтернативті энергетика, университет Технопаркінің, Студенттік бизнес инкубатордың (студенттік Start-Up компаниялар) инновациялық жобаларын жүзеге асыратын аумақ болады. Сонымен қатар ол жалпы университеттік «Green Campus» жобасының іске асырылуының негізіне айналмақ. Экосаябақ құру идеясын «Сұңқар» студенттер кәсіподағы, ҚазҰУ Студенттер сенаты, НСББП, Студенттік бизнес инкубатор, ЖасТур студенттер ұйымдары қолдап отыр.

Алмасхан АБДИКЕРИМОВ,  
рекреациялық география  
және туризм  
кафедрасының 4-курс студенті

ҚазҰУ ректоры Галым Мутанов Халықаралық университеттер ректорлары қауымдастығына (IAUP) қабылданды

РЕДАКТОР БАҒАНЫ

«Қазақ университеті» газетінің бас редакторы

Әлімбаева Саягул Қабылбекқызы:

## Мамандығымының алғашқы шеберханасы



«Қазақ университеті» газетімен етене араластығым 2007-2008 жылдары журналистика факультеті бакалаврының 2-3 курстарында оқып жүргенімде

басталған еді. Шығармашылық шәкіртіне талистік мінез, тілшілік ұстанымды меңгерген ұстазым – Дәрмен Смайыл 2012 жылы «Қазақ университеті» газетінің Бас редакторлығына ұсынғаны, сол ұсынысты ҚазҰУ басшылығының қабыл алып, мені Бас редакторлыққа тағайындауы маған үлкен жауапкершілік сезімін ұялатты.

Артылған сенім мен үмітті ақтау – шәкіртке сын. Мен бұл редакцияның басшылығына өзінің қарапайым жұмысынан қалыптасып келдім. Өзге БАҚ құралының қазанында қайнап емес, өз қабырғасында жетілдім. Бұл басылымға басшылықты қабылдап алғаныммен – бұл журналистік жолдағы, басшылық жолындағы алғашқы қадамым. Газеттің тарихы жарты ғасырдан асқанымен, менің журналистік жолдағы, жетекшілік жолдағы тұңғыш беталысым.

«Қазақ университеті» газеті тізгінін ұстаған нағыз майталман аға буын журналистердің есімі менің ізденісіме күш береді. Тарихи газеттің тынысын кеңейтуге негіз болады. Журналистика саласы абыздарының басшылығын көрген басылым бүгінде жастар қолына ауысып, шәкірттің ұстаз алдындағы емтихан тапсыруын жүргізіп жатқандай сезіледі. Аға буынға қарап, журналистика факультеті оқытушыларының ғибратты тәжірибелерін ойға алып, артылған үміт пен жүктелген жауапкершілік үдесінен шығу – басты мақсатымыз.

«Қазақ университеті» 2012 жылдан бері апта сайын жарық көріп, бет саны да артып отыр. Қойылған талап та, жүктелген міндет те, атқарар шаруа да аз емес. Бүгінде газетті іздейтін оқырманы да көбейді.

Қарт басылымның жас редакция алқасы – бүгінгі заман талабы да тың екендігін жақсы ұғынады. Сол талапта жас келсе, іске деп талпындырып отырған ұстаздар еңбегі ақталса, оқырман талғамына сай болсақ деген тілек бізді де жігерлендіреді. 65 жасқа келіп отырған «Қазақ университеті» газетіне алар асуы зор болсын деген тілек айтамыз.

**P.S.** «Қазақ университеті» газетінің 65 жылдық мерейтойына орай, әр жылдары басылымға бас редакторлық еткен ұстаздар пікірін осы арнайы санынан оқи аласыздар.

ФАНТАСТ, ЖАЗУШЫ АБДУЛ-ХАМИД МАРХАБАЕВҚА – 75 ЖАС!

# ФАНТАСТИКАМЕН ЖАРАСҚАН ЖАН

Екі адамның саусақ таңбалары бірдей болмайтыны фантастикада тұрмақ, криминалистикада да баяғыдан белгілі жайт. Тіпті, бір-біріне бітім-болмысы өте ұқсас егіздердің де саусақтарында, алақанында, таңбан іздерінде өзіндік ерекшелік болады екен. Сондай ерекшелігімен ана құрсағындағы дүниеде-ақ көзге түскен Абдул-Хамид ағамыз бұл фәни дүниеде де қиялдың теориясын зерттеп, жілігін шағып, майын ішті.

Есепке жүйрік ағамыз көктемнің қақ ортасында, суы бал татыған Аралдың жағасында, мыңғырған малы бар Мархабайдың төрінде өмірге келуді ұйғарыпты. Келе сала түрлі мазмұнда тізбектеле беретін қиялға бай, қисынды әпсаналар мысырлық мифтер мен үндінің рамайна эпостарын да кеңінен кестеледі. Жаратқан жазмыштары басқа да әлем халықтарының тілдеріне аударыла бастады.

Дархан даланы дүбірлеткен байырғы бабаларымыздың ертегілері мен аңыздарын қоғамның таным түсінігіне сай барынша байытты. Он екі айдың амалдары мен төрт маусымның айырмашылықтарын нақтылап, ұл-қыздарына аспан денелерінің атын еншілеуін қисынды қиыстыра білді.

«Ғарыштағы қымыз» (1973) жинағынан бастап, «Арал әуендері», «Сен кінәлісің», «Шолпан планетасы», «Жұлдыздар жарығы Жерге жетеді», т.б. жиырмадан астам кітаптарында күллі қауымдастықтың түп-тұқиянын таразылайтын жылнаманы ақтарғандар талай тосын тақырып тауып, дәйекті дәлелдерге кезігері анық. Оған айтулы ғалым, академик С. Қирабаевтың: «Абул-Хамит Мархабаев тұмса жанрымызға тұңғыштардың сопына енгенімен-ақ өзінің даралық «творчестволық мінезін» көрсетіп үлгерді», - деген сөздері куә.

Фантастика жанрының тарихы мен теориясын салалап, сараптаушы, көшін бастаушы А. Мархабаев туралы «Қазақ әдебиеттану шаруашылығы хақында

еңгіме қозғалса, әдетте, жанрдың өлі де жастығы ауызға алынады. Бұл аса дәл дәйектеу емес, оның туу және жасаң дәуірлері баяғыда артта қалған. Қазірде ол жан-жақты дамып, өрістеу және шарықтау процесін бастан кешіруде. Бұл жағдайды Мархабаев фантастика жанрын зерттеуде де растап берді» деген болатын марқұм академик З. Қабдолов. Ағамыз «Антология современной казахстанской научной фантастики» үш томдығының алғашқысы орыс тілді оқырмандарға «Новая функция книги» және «Взрыв из прошлого» повестерін таныстырды.

Ал, Абдул-Хамид ағамыз аудармашылық қасиеті өзінше бір төбе. Шығармашылық қарымы «қазақ оқырманын басқа тілде жарық көрген ғылыми-қиял дүниелерімен таныстыр» деп қоймаған соң бұл саланы да деңгелетіп әкетті. Аталмыш жанрдан көз жазбайтын жұртшылыққа орыс өкілі Вл. Михановскийдің «Шексіздікке шеру» романы, «Фантастикалық Америка әфсанасы», «Әлемдік фантастика жауһарлары» секілді жеке-жеке жарық көрген кітаптары таныс болуы тиіс. Олардың мәтіндеріндегі, әдетте, ғылыми-фантастикалық туындыларға тән қиялдан алынған өнертабыстарға қойылатын аталмыш терминдер, болжал идеялар «қазақша сөйлегенде» түпнұсқаның «жатжұрттық» екені түк те байқалмайды.

Абдул-Хамит аға өмірінің негізгі бөлігін оқу-ағарту әлеміне қызмет көрсетумен келеді. Өлі де солай болады деп сенеміз. Ол күнделікті практикалық тірліктің «шығармашылық реакторы». Оның лекцияларында жалаң схоластика кездеспейді. Өмірлік әфсаналар (әсіресе, ғибратты анекдоттар), әлемге әйгілі, ұлтымызға қадірлі зиялылар турасында ауызша эсселерін зерделі шәкірттер қалт жібермейтіні - шындық. Бұл төбеде де «өз орбитасынан» көріне білді. Болашақ журналистерге тасқа басылған сабақ пошымында боларлық «Ислам = Ғылым+Журналистика», «Қазақ фантастикалық әдебиеті», «Ислам ілімі



– Ғылым алгоритмі», т.б. кітаптарын шәкірттер оқу құралдары дәрежесінде пайдалануда.

Қазақстан Республикасының «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» және «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» медальдарымен марапатталған, «Арал ауданының құрметті азаматы» Абдул-Хамид ағамыз 75 жылдық мерейтойы журналистика факультеті үшін ғана емес, бүкіл қазақстандық үшін үлкен қуаныш. Өзекті, қызықты қиялдарымен қызықтыра білетін қызықты, қиялгер, ғалым ағаға алда да қуанышты күндеріңіз көп болып, ғұмырыңыз ұзақ, деніңіз сау болсын деп тілейміз. Шығармашылығыңыз, лазерлік сәуле сынды озық ойларыңыз баршаның бейбіт болашағы мен ізгілікті ісіне парасаттылықпен пайдаланыла берсін!

**Р. СЕРІКБАЙҚЫЗЫ,**  
баспа ісі және дизайн кафедрасының доценті



«Қазақ университеті» – өлімсіз көшбасшы оқу орнының, сәйкесінше білім мен ғылымның, инновацияның, жаңалықтың газеті.



Газетіміздің 65 жылдық мерейтойы қарсаңында «Қазақ университеті» газетін оқырман қаншалықты жиі оқиды, қалай бағалайды және қандай ұсыныстары бар деген мақсатпен сауалнама жүргізген болатынбыз. Оған ректорат мәжілісінің мүшелері, факультет ұстаздары мен студенттері, жатақхана тұрғындары жауап беріп, өз пікірлерін білдірді.

## Оқырман ұсынысымен бөлісті

Сұралғандардың 70 пайызы газетті үнемі оқитындықтарын айтты. Университет жаңалықтарынан хабардар болғысы келетіндіктерін жеткізді. Оқырманның басым көпшілігі газетті университет өмірінің айнасы деп бағалады. Бірқатары проблемалық мақалаларды оқығысы келетінін жеткізіп, ғылыми-танымдық басылымдар көбірек болса, жатақханаға арналған бет ашылса, көркем-әдеби, шығармашылық айдарлар ашылса, студенттер құқықтары жайлы кеңес берілсе, қазақтың салт-дәстүр, ырым-тыйымдарын жазса, ағылшын беті қосылса, сөзжұмбақ берілсе, тәрбиелік мәні зор материалдар жарияланса

деген ұсыныс-тілектерін білдірді. «Қазақ университеті» газетінің ұжымы аталмыш ұсыныстарды ескере отырып, ортақ мақсат аясында жұмыла жұмыс істеуге шақырады. Сонымен қатар, қара шаңырақ қарт ҚазҰУ-дың келер жылғы 80 жылдық мерейтойына орай қызықты айдар, ұтымды ойларыңыз болса, үлкен қуанышпен бірігіп, еңбек етуге әрқашан даяр. Олай болса, аса құрметті оқырман қауым, жыл жағымды жаңалықтарға толы болып, жазарымыз көбейе бергей!

**Әлімбаева Әйгерім Әуезханқызы,**  
«Қазақ университеті» газетінің тілшісі

**Шериаздан ЕЛЕУКЕНОВ,**  
Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген  
мәдениет қызметкері:



### Таланттардың тұсауын кескен басылым

1959 жылдан бастап ҚазҰУ-да төрт жыл бойы қазақ журналистикасы факультетінің аға оқытушысы болдым. Сонда шақыртып мені осы қызметіңнің үстіне «Қазақ университеті» газетінің редакторы боласың, онда ешқандай жалақысыз жұмыс істейсің деді. Ұжымда Зенкова деген хатшы қыз бар еді, тек сол ғана жалақы алатын.

Газетіміз төрт беттен тұратын. Орысшасын Зенкова жазады, мен оның үстінен қарайтынмын, қазақшасын және жазамын. Газет негізі студенттің өмірі ғой, ақын-жазушылар жас таланттар бірінші өлеңдерін біздің газетте жариялады.

Мен келгенше «За отличную учебу» деп аталған газет атауын «Қазақ университеті» және «Казахский университет» деп өзгерттік. Уақытысында сапалы шығып тұратын.

Бір күні мені Алматы обкомы шақырды. Ғани Ермекбаев деген нұсқаушы бар екен ол маған дауыс көтеріп сөйледі. «Сіз маған газеттің фольшивкасын әкелесіз. Бірінші мамыр күнгі нөмірде «Жас гвардияшылар» өлеңінің қасына «Песня о тревожении молодостью» деген бейсаясат өлең басыпсыз», – деді. Бейсаясат сөзі партияға қарсы шықтың дегені ғой. Обкомның хатшысына бардым. Б. Рамазанова деген қазір зейнеткерлікте, кейін верховный советте хатшы болып істеді. Ол түсінігі бар жақсы кісі екен. «1 мамырдың өлеңін бюрода қараймыз», – деді.

Содан «Ленинская сменаға» барып, Алматы обкомы осылай пәле шығарып жатыр деп газетті көрсеттім. Олар біздің газетті қолдап, обкомды сынап, бір беттік мақала жариялады. Сөйтіп, сол пәледен құтылған едім.

Мені бір күні порткомның хатшысы шақырып алып: «Сіз енді үш жыл қызмет етіпсіз, енді сізге басқа тапсырма берсек қайтеді», – деді. Мен жарайды өздеріңіз білесіздер не тапсырма берсеңіздер де, рақмет сіздерге деп қуана-қуана кеттім.

Кейіннен Мәскеудегі «Академия общественный наука» аспирантурада оқыдым. Оны бітіріп қайтып келген соң мені университетте істеп жүрген жерімнен СЭКА-ға шақырды. Сонда қызмет еттім.

Бұл да бір тарих, сол заманның әлегі. Менің газетте қызмет еткен жылдарым осындай аумалы-төкпелі кезеңмен қабат келген еді.

**Әбілфайыз ҰДЫРЫСОВ,**  
журналист-жазушы,  
ҚР Еңбек сіңірген қайраткері:

«Қазақ университеті» – қазақ ұлттық университеті өмірінің, тарихының шежіресі. Басылым университетпен бірге жасап келеді. Биыл газетке 65 жыл толған екен. Осы уақыт ішінде газет университет басшылығының тәрбиелік құралы болды. Бұл мықты тәрбиелік құрал, үлкен жауапкершілік. Сол жауапкершілікті газет редакциясы күні бүгінге дейін абыроймен атқарып келеді.

Өзім редакторлық еткен жылдарға тоқталсам,

**Дандай ЫСҚАҚҰЛЫ,**  
сыншы, ғалым, профессор:



### Басшылық пен студент арасындағы көпір

Мен редакторлық еткен жылдары газет «Казахский университет» деп аталатын. Темірбек Қожакеев мені шақырып, осы қызметті айтқанда, шыны керек, қарсы болдым. Себебі, материалдарының 80-90 пайызы орысша болып шығатын. Қазақ тілінде аз ғана материалдар беріліп тұратын. Олар жастардың шығармашылығы, өңгіме, өлеңдері еді. Газет қоғамдық жұмыс ретінде болатын. Газет университет әкімшілігінің, партия комитетінің шешімдерін,

**Кәкен ҚАМЗИН,**  
филология ғылымдарының  
докторы, профессор:



ұстаздардың осы басылымның тізгінін бір-екі жыл қақпағаны кемде-кем. Сол тұлғалардың есімдерін шотқа салсам, сыртқы бітімі де, ішкі дүниесі де сан түрлі жандардың портеттік галереясы көз алдыма келіп тұра қалады. Тап Әбілхан Қастеев атындағы өнер мұражайына кіріп-шыққандайсың. Өзіміз оқуға түскен кезде (1968 ж.) оның білдей редакторы аға оқытушы Абдул-Хамид Файзоллаұлы Мархабаев еді. Мысқылы мен «Қазақстаны» езуінен түспейтін, фантастика хақындағы қағидалары портфелі ішінде әлі қампая пісіп жатқан, журналистиканың арғы-бөргі тарихын дәрістерінде сандұғашша сайрататын қадірлі ұстазымыз. Бүгінде филология

### Газет - тәрбие құралы

ол кезде әрбір факультетте тілшілеріміз болатын. Солардың ішінде белсенді авторларымыздың бірі академик, химия факультетінің деканы Батырбек Бірімжанов еді. Сол кісінің мақалалары көп жарияланып тұрды. Жалпы, газет университеттің әр жаңалығы, әр жұмысының көрінісі еді.

Газеттің қол жеткен жетістіктері арта берсін, жауынгер, мықты басылым болып қала берсін! Ал, газет қызметкерлеріне зор денсаулық, озық ой, шығармашылық шабыт пен табыс тілеймін!



бағытын көпшіліктің, оқытушылардың, студенттердің арасына жеткізіп отыратын басылым болды.

Газет ол кезде де мың таралыммен шығып тұратын, ешқандай қаржы бөлінбейтін. Ол кезде 5 мамыр баспасөз күні болатын. Сол күні үздік тілшілерді, материал жазған авторларды марапаттап отыратын. Біз газетті шығарамыз, комсомол комитеті бүкіл таралымын алады, сөйтіп, он-он бес тиыннан студенттерге сататын. Біз сатумен айналыспайтынбыз, жылына бір рет үздік материал жазған авторларға 10 сом көлемінде сыйақы беріп отыратын. Ол кезде екі аптада бір рет шығатын.

Мен кейіннен: «Біз қазақ университетіміз, неге газетіміздің аты орысша? «Қазақ университеті» болып қазақшалануы тиіс» деп ойладым. Осылайша партия ұйымына хат жаздым, бұл ұсынысымды қабылдады. Содан бері «Қазақ университеті» болып аталды.

1986 жылдың желтоқсан оқиғасы келді. Талай студенттерді, әсіресе журналистика факультетінің студенттері сол оқиғаға қатысы бар деп оқудан қудаланды. Барлығына «ұлтшыл» деген жала жапты. Тіпті, ол кездегі ректор Әмірбек Жолдасбеков, филология

факультетінің деканы Темірбек Қожакеев те қудаланды. Мені де «Жолдасбеков пен Қожакеевтің құйыршығы» деп қара тізімге жіберді. Олар «бұл, біріншіден, газет атауын қазақшалады, екіншіден, ұлттық университетте қазақ материалдарын көбейтті және жастардың ұлтшылдық сезімінің оянуына түрткі болды, үшіншіден, 5 мамыр баспасөз күнінде 10-15 сомдық сыйақыны заңсыз таратты, сол ақшаны өздері пайдаланды» деп айыптады. Сыйақы алған барлық кісілерден түсініктеме жаздырып алды, әрине ол кісілер менің бергенімді растады.

1987 жылы көктемде менің үстімнен іс қозғалды. Сонымен, бір ай өтті, екі ай өтті. Мен жұмыссыз қалдым. Әйелім, үш балам бар, өзім жатақханада тұрамын. Еш жер жұмысқа алмады. Амалсыздан қайта ҚазМУ-ге келдім, марқұм Зейнолла Қабдолов ағамыз маған жаны ашып, сенім білдіріп жұмысқа алды.

Екінші рет газетке қайта редактор болғанымда ұлттық тәрбиеге аса мән бердім, тілге, әдебиетке байланысты тың материалдарды көп беруге тырыстым.

Газеттің ұжымына шығармашылық табыстар тілеймін. Жастардың қаламын ұштап, тәрбие беретін, рух сыйлайтын басылымның ғұмыры ұзақ болғай!

### Мен үшін Қазақ университеті мен «Қазақ университеті» егіз ұғым

ғылымдарының докторы, барынша басымызға көтеретін, алдынан кесекелденең өтпейтін мүдәрісіміз.

Ағымдағы зәрулікті қиядан шалғаным болар, екінші курс студенті менің де өзіміздің «Қазақ университетінде» «Қабырға газеті, хал қалай?» деген проблемалық корреспонденция жариялатқаным есімде.

Талай жылдардан кейін (аға оқытушы кезімде) аяқ астынан «бақ» қонып, «Қазақ университеті» басылымына бас редактор болып шыға келетінімді қайдан білейін. Үр жаңа бас редакторды бекітерде университет ректоры, парасаты мен пайымы мол Көпжасар Нәрібайұлы Нәрібаев ағамыз:

- Сенің міндетің, шырағым, – газетті мына қиын-қыстау мезетте, өтпелі уақытта жүйелі шығарып тұру. Қаражат жағы молайғанда көлемін де ұлғайта жатармыз. Сонан кейін қадап айтарым – мені шылы бірінші бетке жылтындатып бере берме. Осындағы көрнекті ғалымдарды, үлгілі студенттерді, өнегелі бастамаларды көрсет, – деді. – Кез келген уақытта маған келе бер, мен жоқ болсам, Зұлқайыр Мансұров отырады. Қолда барды аяп қалмаспыз.

Осындай ақ тілек айтылып,

нақты бағыт сілтенгеннен кейін «А-4» форматымен парақша-листовкадай басылымды еркінсі қолға алдық. Сол жылдары екінші курста оқып жүрген Бейбіт Мекеев, Жұлдыз Әбділда сынды шәкірттерімді жарты-жарты ставкадан жұмысқа алғыздым. Газет айына бір рет алты бет болып шығады. Үлгереміз.

Жұмыла көтерген жүк жеңіл. Кеңесіп пішкен тон келте болмас. Ақылдаса отырып, М.О. Әуезовтің мерейтойына тұтас нөмірді арнадық, газеттің мыңыншы санын «А-3» форматымен етжеңді етіп шығардық. Өлі есімде, Мұқаңа арналған шағын-шағын мәтіндерге профессор М.Сармурзина апамыз университет Ғылыми кеңесінде жылы лебіз білдірді. Мыңыншы нөмірде жарияланған белгілі ғалым, профессор М.Қойгелдиевтің тарихи танымға арналған көлемді мақаласы мәдени, ғылыми ортаға үлкен ой салды. Осылайша, ақпараттық кеңістікте біз де өзімізше өмір кештік, тыс пен ішті таныдық. «Өткен күнде белгі жоқ» дейді. Жөн емес. Ол тезисті бекерге шығаратын қағаз форматты басылымдар, электронды ақпарат құралдары. Қазақ университеті де, «Қазақ университеті» де алдындағы анықтауыштарға лайық болсын.

Бетті дайындаған Фариза ӘЛІПБЕК

Сағатбек МЕДЕУБЕКҰЛЫ,  
баспа ісі және дизайн  
кафедрасының меңгерушісі:

## Қазір кез келген көзі ашық адам газеттің әр санын оқи алады...



Мені газеттің редакторлығына ұсынған ұстазым – Намазалы Омашев. Өйткені, ол кісі соңғы жылдары республикалық-ұлттық апталық «Ана тілі» газетінде, оған дейін Алматы облыстық «Жетісу» газетінде бөлім бастығы болғанымды және «Өнер» баспасында әдебиет және өнер бөлімінде редактор, жарнама бөлімінде маркетинг болып істегенімді білетін.

Газет А4 пішімде бюллетень сипатында аптасына, болмаса айына, болмаса тоқсанда бір сәті түскенде шығады екен. Олай болатыны - газеттің жазылуы дара штаттық кестесі болмаған. «Қазақ университеті» баспасына қарайтын газеттің бір жауапты хатшысы ғана штатта болған. Ал ұстаздар арасынан бір адам шығарушы редактор қызметін педагогикалық жүктемесіне қосымша атқарып келген. Бұл мәселені газетіміздің бір санын А3 пішімде шығарып, «Біз кімнен кембіз?» деген тақырыппен айтып көрдік. Сонсоң, ректоратта арнайы жеке мәселе ретінде қаралды. Университет газетінің бүгінгі мен болашағы туралы қысқаша баяндамада өз ойларымды ортаға салдым. Сол кездегі ректорымыз Көпжасар Нәрібайұлы айтқан ұсыныстарымды дұрыс деп тауып, ректораттың үстінде қаулыға бірден қол қойды. Сөйтіп, газетіміздің редакциялық құрамы анықталып, әр қайсысының атқаратын қызметі айқындалып, Бас редактор, Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, теруші-қалыптаушы, тілші, корректор қызметтері университеттің штаттық кестесіне енді. Содан кейін тұрақты түрде А3 пішімде, 8 бет болып шығатын болды. Республикалық газет-журналдарға жазылу каталогына енгіздік, әр облыстан бірлі-жарым оқырман да жазылды. Әр факультет оқытушы-

профессорлар санына қарай кемінде 30 данаға жазылды. Газет өз құнын өзі өтей бастады. Тек басты проблема - компьютерлік техниканың редакциялық-баспалық кешенінің соңғы нұсқасын алсақ деп армандадық. Сол үшін проректорлармен айтысуға да тура келді. Ол кезде газетте қазіргі «Заң газетінің» бас редакторы Бекжан Әшірбаев - орынбасар, журналист-баспагер Дариға Амангелдиева - жауапты хатшы, Айтқұл Бабасова - теруші-қалыптаушы, ал тілшілер мен корректорларды студенттерден жасақтадық. Сөйтіп, «Қазақ университеті» газеті алғаш рет өзінің толыққанды дербес редакциялық ұжымы бар, республикаға тарайтын басылым ретінде жарық көре бастады. Ең бастысы шығармашыл, ізденгіш орта қалыптасты. Менен кейін Бас редактор болған Бекжан Әшірбаев та, Дәрмен Смайыл да газеттің дамуына орасан еңбек сіңірді деп айта аламын.

Қазіргі ақпараттар тасқыны заманында күн сайын бірнеше оқиға болып жатқан университетіміздің барлық саласын бірден қамтып, дер кезінде ақпарат тарату – уақыт талабы. Оқырман сұрайтын нәрсе тек ақпарат қана емес. Танымдық-тағылымдық дүниелер. Мұны естен шығармаған жөн. Өйткені, газеттің негізгі оқырманы - бүгінгі студенттер - ертеңгі мамандар. Олар басқа жерден алып үлгімеген танымдық мағлұматтарын газеттен алып жатса, редакция ұтады. Ұтылмайды.

Ғаламтордағы газеттің жеке сайты да біз армандаған жазылу мәселесін шешіп тастаған. Интернеті істеп тұрған кез келген көзі ашық адам газеттің әр санын оқи алады.

Аншук МУКАШЕВА,

доцент кафедры печати и издательского дела ЕНУ им. Л.Н. Гумилева:

## Бесконечная летопись университетских свершений



Возглавить нашу редакцию газеты «Қазақ университеті» мне довелось во время ее второго рождения, в середине 90-х годов прошлого века. Так получилось, что в конце 80-х годов все университетские газеты, которые выходили в вузах Алматы, объединили в одну общую – еженедельник «Өркен» – «Горизонт». Потому выпуск газеты «Қазақ университеті» прекратился. Но соборением независимости, получением нового статуса КазНУ, стало ясно, что без собственной печатной трибуны не обойтись. Поэтому было принято решение заново начать издание университетской газеты. Конечно же, задание наладить выпуск «Қазақ университеті» получил факультет журналистики. Первые номера мы выпускали с большими сложностями. Газета

поначалу стала выходить раз в месяц самым маленьким форматом – обычный писчий листок бумаги на 8 страничках. Тем не менее редакции удавалось охватывать все важнейшие события, происходившие в нашей Альма-матер. Ведь жизнь в стенах ведущего учебного заведения страны всегда кипела. Мы рассказывали о новшествах, которые разрабатывали в ректорате, о научных исследованиях ведущих академиков, профессоров, преподавателей университета, брали интервью на актуальные темы,

Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,  
Қазақстан Журналистер академиясының президенті:

## Талай майталмандар басшылық еткен...



«Қазақ университеті» газетінің ұжымын шын жүректен 65 жылдық мерейтойымен құттықтаймын!

ҚазҰУ – киелі шаңырақ, еліміздің үздік оқу орны. Онымен бірге жасап келе жатқан «Қазақ университеті» де талай майталмандар басшылық еткен, белді журналистер шығармашылық жолын бастаған өзіндік бағыты, мақсат-мүддесі бар басылым екені даусыз. Шерияздан Елеукуенов, Әбілфайыз Ыдырысов, Дандай Ысқақтар еңбек еткен бұл газеттің мен он бірінші бас редакторымен. Ол ғылым мен білімдегі ғалымдар үні, университет өмірінің, студенттер шығармашылығы мен қызыққа толы жылдарының куәгері дер едім.

65 жыл газет үшін аз уақыт емес. Университеттің басты жаңалықтарымен қоса, жатақханадағы студенттер тіршілігіне дейін хабардар ететін газетті университеттің әрбір студенті, оқытушы, профессорлары қызығушылықпен оқиды, асыға күтеді.

Апта сайын газет шығарып, осынау алтын жүкті арқалаған редакция ұжымына ұшқыр ой, шығармашылық шабыт және қызықты да, жаңалыққа толы шығармашылық ұзақ ғұмыр тілеймін!

Қайрат САҚ,  
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ  
журналистика және саясаттану  
факультетінің деканы,  
алаштанушы-ғалым:



Қ а з а қ білімінің қара шаңырағы – Қ а з Ұ У - д ы ң « Қ а з а қ университеті » газетіне 1998 ж ы л д а р ы бас редактор б о л д ы м . Сөйтіп бұдан бұрын шет елдердегі қандас бауырларымызға арнап шығарылған халықаралық «Біздің Отан», кейіннен белгілі себептермен атын «Шалқар» деп өзгерткен басылымда тілші болғандағы және ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы басшылық еткен «Қазақ» газетін жалғастырып, қайта шыққан «Қазақтың» бас редакторының орынбасары қызметін атқарғанда жиған мол тәжірибем көдеге жарағаны бар. Оның үстіне, 1998 жылы «Қазақ» газетіндегі ұлттық саяси-әлеуметтік мәселелердің жазылуы деген тақырыпта кандидаттық диссертациямды сәтті қорғағанымды ескерген болуы керек, университеттің сол кездегі басшылығы осы қызметті сеніп тапсырды.

## Университеттің көзі, құлағы һәм тілі

Сенім үдесінен шығу – өмірлік №1 ұстанымым. «Қазақ университеті» газеті тізгінін қолыма алғаннан кейін тағы да сол талап төрінен көрінуге бар күш-жігер, қайратымды сарқа пайдаланғаным есімде.

«Қазақ университетіне» әкелген тағы бір жаңалығым осыған дейін университет баспасының құрамында құрылымдық бірлігі болып келген газет редакциясын арнайы бөлім етіп, жеке қаржыландыру мүмкіндігіне қол жеткіздік. Соның арқасында тұрақты авторларымыз бен студенттерге ынталандыру үшін қаламақы төлеп, қуантқан кездеріміз де болды. Түрлі корпоративтік шаралар ұйымдастыруға мүмкіндік артты. Мұндай жағдай көп білім ордаларының басылымдарында күні бүгінге дейін болмағанын ескерсек, оның өзін үлкен жетістік деп санаймын.

«Қазақ университеті» – тарихы терең, дәстүрі бай басылым. Газет ұжымына өткеннен сабақ алып, дәстүрлі жолды жанды жалғастыруға жазсын деген тілек қосамын. Қара шаңырақ ҚазҰУ-ымның көзі, құлағы һәм тілі – «Қазақ университеті» жасай берсін!

поднимали животрепещущие проблемы, показывали студенческую жизнь. Газета выходила без сбоев, тираж повышался с каждым месяцем. «Қазақ университеті» стали ждать на факультетах и в подразделениях. Сначала мы управлялись совсем крошечным коллективом, много заметок писали студенты факультета журналистики. Потом материалы стали приносить и преподаватели, и сотрудники всего университета. Хочу сказать, что именно тогда «Қазақ университеті» стала активно публиковать материалы на казахском языке. Сложности с версткой, печатью, распространением помогало решать руководство вуза. В любом случае, так интересно писать о родном университете мы стали именно в тот период. Скажу, что не было никаких цензурных запретов. Это очень важно.

Сегодня наша газета «Қазақ университеті» значительно выросла и возмужала во всех планах. Теперь она находится в ряду республиканских изданий, печатается в типографиях в цвете, налажен четкий еженедельный выпуск. На ее страницах – весь калейдоскоп, происходящих в Казахском национальном университете им. аль-Фараби, событий. Газета действительно держит руку на пульсе вузовской жизни.

Желаю, родной для меня, газете «Қазақ университеті» неисчерпаемого задора, творческих успехов на нелегких дорогах журналистики, новых тем и любви читателей. Современную жизнь невозможно представить без информации. А КазНУ – без университетской газеты.

Дәрмен СМАЙЫЛ,  
Ұлттық журналистік зертеу орталығының президенті:

## ОҚИҒАНЫ ТУДЫРАТЫН БАСЫЛЫМ



«Ұжымдық басылым» дегенде елдің ойлайтыны «оның аясы тар, ауқымы мен көтерген тақырыбы өз «пұшпақтары», троллейбус пен трамвай секілді тиесілі аумағынан

өзге жаққа аттап баса алмайтын газет» деп есептейді. Бірақ, ел-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Қазақ университеті» газеті ондай басылымдардың қатарынан емес. Өйткені, «Қазақ университеті» — жаңалықты жасайтын газет, оқиғаны тудыратын басылым.

«Қазақ университеті» талай ректорды көрді ғой. Ал мен үш ректормен жұмыс істедім. Олар — Төлеген Қожамқұлов, Бақытжан Жұмағұлов, Ғалымқайыр Мұтанов. Төлеген Қожамқұловтың кезінде басылымның мән-мазмұнын арттыруға танымал ұстазымыз, университеттің тәрбие ісі жөніндегі проректоры Намазалы Омашев тікелей жауапты болды. Одан асып ешкім газетке қол сұға алмайтын. Нәкең қоғамдық-саяси тұрғыдан басылымның иісі мен қиюын еш қателікке ұрындырған жоқ.

Қазіргі Білім және ғылым министрі газеттің идеологиялық құрал екенін жақсы білетін Бақытжан Жұмағұлов «Қазақ университетінің» беделін көтеруге жоғары деңгейде күш салды. Осыны пайдаланып біз университетте «Ректор «Егемен Қазақстаннан» бұрын «Қазақ университетін» оқиды» деген көзқарас қалыптастырдық. Рейтинге кіргіздік.

Ғалымқайыр Мұтановқа келер болсақ, ол газеттің қоғамдық-саяси құндылығын арттыруға мүмкіндік берді. Айына шығатын басылым апталық болып, жауапкершілігі артты. Ректоратта талқыланған мәселелер мемлекеттік

деңгейдегі тақырыптармен қатар факультетке, әрбір кафедра мәжілісіне жедел жету үшін газетті дүйсенбі күні түнде бастық. Сейсенбі күні басылым кафедра мәжілістерінің тақырыптарына тұздық берді.

Негізгілері осы. Өз кезегінде редакция да «Қазақ университетін» түрлендіріп отырды. Басылымды офсетті қағаздан газетті қағазға көшіріп, шынайы газет деген көзқарас қалыптастырдық. Дизайнын түрлі-түсті етіп өзгертіп, жаңа айдарлар ашу, коллаж жасау, ойын-сауықтық материалдар беру, ең бастысы мақалалардың идеялық-мазмұндылық сапасына талаптарды күшейту секілді жұмыстарды үнемі жүргізіп отырдық. Осы жерде оқиғаларды өзіміз тудыруды қолға алдық. Керек тақырыптарды індетіп іздеумен жаздырттық. Қоғамдық пікір қалыптастыру үшін мәселелерді ауызға «шайнап» беруге тырыстық. Қарапайым ғана мысал, Елбасы Жолдауын университет залдарынан «алып шығып», жатақханаға, ондағы бөлмелерге «кіргіздік», жастарға талқылаттық, пікір білдірттік.

Басылым жанынан «Өркен» студенттер газетін шығарып, жастардың өздерін бас редактор, тілші етіп қойдық. Жастар толғантқан оқиғалар туралы ой-пікірлерін ашық жеткізді. Бір сөзбен айтқанда, студенттерге шабытпен қоса мінбер бердік.

«Қазақ университеті» газеті — өзге университеттердегі ұжымдық басылымдарға үлгі-өнеге болған басылым. Оған өзге университет газеттерінің қарап бой түзгенін, тіпті бас редакторларының ақыл-кеңес алып отырғанын да айта кету керек. Бұл атқарылған істердің бір парасы ғана. Осының өзі ғана «аясы мен ауқымы тар» деген ұжымдық басылымдар туралы мифті жоққа шығарады.

Гүлмира СҰЛТАНБАЕВА,  
саясаттану ғылымының докторы, профессор:

*Үлкен міндеттер жүктелген...*

1995 жылдың сәуір айы. Қазақ ұлттық университетінің аспирантурасына жаңа түскен жастардың ырду-дырду думаны мен елдің қоғамдық, саяси, әлеуметтік өмірі, қала берді қазақ ғылымы жайлы пікірталастары таусылмайтын қызықты шағы. Мұнда оқып жатқан жастардың арасында саясаткерлер, философтар, әдебиетшілер, әлеуметтанушылар, химиктер, физиктер, математиктер, т.б. барлық ғылым саласының жас зерттеушілері болашақ ғылым жайлы ой толғауларын үзбейтін. Романтик жастардың бойында тәуелсіз Қазақстанның ғылымын алға сүйресем деген ерекше құлшыныс, жігерлі талпыныс байқалатын.



келгенше газет редакторы қызметін атқаратыныма уәде бердім.

Газеттің алғашқы нөмірін Ұлы Отан соғысының 50 жылдығына арнадық. Университеттің аты аңызға айналған майдангер ұстаздарының фотоколлажын жасау, ардагерлермен сұхбат... жұмыс қызып ала жөнелді.



Осындай алаңсыз күндердің бірінде «проректор Мансұров іздеп жатыр» деген хабар келді. Менімен бірге оқуға түскен Марина екеуміздің жеке ісіміз тіркелген папканы алып, ол кісі бізді университеттің 1986 жылы жабылып қалған газетін қайта шығару үшін шақыртқанын, оның үстіне мерзімді баспасөз кафедрасы бойынша маманданған аспирант үшін бұл таптырмайтын мүмкіндіктер екендігін түсіндірген проректор бізге үмітпен сұрау сала қарады. Марина бірден ұсынысты қабылдай алмайтынын айтып жауап қатты. Бір-екі минут үзілістен соң мен үлкен үміт артқан профессорға қолымнан

Әлі есімде университеттің компьютер орталығына келіп, альбомнан атақты В.И.Фурсов, В.А.Сапа, И.Д.Молюков, К.П. Персидский сияқты майданда өмірін қиған ұстаздардың фотосуреттерін өз қолымен қиып, З. Мансұров коллаж жасаңдар деп түсіндіргені бар.

Шағын газеттің алдында осылайша үлкен міндеттер қойылды. Университет өмірінде алғаш рет газетті компьютерлік терім, верстка арқылы жарыққа шығардық. Шағын форматты 8 беттік газет шығару — университет үшін үлкен жаңалық болса, мен үшін үлкен өмірге аттаған қадам болды.

## БІЗДІҢ ГАЗЕТ - 65 ЖАСТА

Университеттік «Қазақ университеті» газеті — біздің алғашқы ұстаханамызға айналған. Университет тынысы мен студент ойын, сырын жеткізуге құштар басылымда үнемі мақала, түрлі мөлтек сырлар мен өлеңдер жазып тұрамыз.

Талай тарландар басқарған басылым биыл, міне, 65 жасқа толып отыр.

Жуырда университеттік «Әл-Фараби» арнасының тікелей қолдауымен және ф.ғ.к., доцент Жидегүл Әбдіжәділқызының жетекшілігімен 65 жылдыққа орай арнайы бейнесюжет әзірледік. Әрине, 65 жылдық тарихы бар газеттің ғұмырын толық көрсете алмасақ та, шағын минуттардың ішінде газеттің өткені мен бүгінге қысқаша тоқталдық.

Және ең қызығы сол, газеттің редакциялық бөлімінің барлық жұмыстары аяқталғаннан кейін баспаханадан шығу процесінен хабар



дайындауымыз тіпті керемет болды. Біз басылымды таралыммен шығаратын «Бизнес Информ» баспаханасына арнайы ат басын тіреген едік.

Баспаханаға газеттің жауапты хатшысы Дариға Амангельдиева апайымыз алып барды. Баспахана өмірі мүлдем өзгеше екен. Біз күнделікті

оқитын газетіміз бірнеше сатыдан өткеннен кейін ғана, біздің қолымызға тиеді екен. Газеттің плёнкасы жасалып болғаннан кейін, баспахананың басу машинасына жөнелтіледі. Ол жерде газеттің бумаланған газеттік парағына әлгі плёнкасын орналастырып, бояуын реттегеннен кейін, үлкен полиграфиялық машиналар газетті тоқтаусыз қимылмен шығарды.

Міне, газет осыдан кейін саналып, бағасы баспаханада есептеліп, төленгенде ғана Дариға апайымыз редакцияға тасымалдайды. Содан соң сіз күткен, біз күткен газет қолымызға тиеді.

Өсе бер, өркендей бер, университетіміздің төл газеті!

**Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ,**  
**Ақнұр ЖОЛАМАНОВА,**  
журналистика факультетінің  
студенттері

ҚазҰУ-да Қазақстанның «Ақ жол» ДП төрағасы Азат Перуашев «Көшбасшылық дәрісін» өткізді

## ЖУСУПОВ Кайрат Зиявич



С.М. Кирова.

Трудовую деятельность К.З. Жусупов начал в октябре 1967 года в должности заведующего организационным отделом Зерендинского райкома комсомола. В 1969 г. работал адвокатом, а в сентябре 1970 г. был назначен помощником прокурора Щучинской межрайонной прокуратуры, а в 1972 г. избран первым секретарем Щучинского горкома комсомола. В 1973 г. был призван на службу в Вооруженные силы и направлен в группу советских войск в Германию. После воинской службы в ноябре 1974 г. был назначен инструктором Щучинского горкома партии.

В 1976 г. на сессии областного Совета народных депутатов К.З. Жусупов избран судьей Кокчетавского областного суда. С 1980 г. он служил в органах прокуратуры на должностях: прокурора Кокчетавского района, Кокчетава, заместителя прокурора Семипалатинской области. С 1986 г. по 1989 г. Кайрат Зиявич работал в аппарате ЦК Компартии Казахстана – инструктором, заместителем заведующего отделом административных органов, помощником Первого Секретаря

ЦК Компартии Казахстана, инспектором ЦК. В сентябре 1989 г. был избран депутатом Верховного Совета Казахской ССР XI созыва, а на сессии – Секретарем Президиума.

С 1990 г. по 1997 г. К.З. Жусупов работал заместителем прокурора Казахской ССР, прокурором Кокчетавской и Акмолинской областей. В октябре 1997 г. был назначен государственным инспектором Секретариата Высшего дисциплинарного Совета РК, затем работал заместителем заведующего Секретариатом.

В разные годы К.З. Жусупов работал руководителем аппарата Министерства образования и науки РК и акима Восточно-Казахстанской области, советником ректора КазНТУ им. К. Сатпаева, проректором АО «Медицинский университет Астана» Национального медицинского холдинга, начальником управления человеческими ресурсами и документооборота, управляющим директором, главой представительства АО «НК СПК «Оңтүстік» в г. Астана. С 2010 г. трудовую деятельность Кайрат Зиявич продолжил

в родном университете – КазНУ им. аль-Фараби в должности директора административного департамента, руководителя аппарата ректора.

Кайрат Зиявич воспитал большую плеяду учеников, его заслуги высоко оценены государственными наградами. Он пользовался огромным авторитетом и уважением у коллег и широкой общественности, органично сочетал в себе высокий профессионализм и теплоту человеческого обаяния. Его отличали глубокая порядочность, высокая нравственная чистота, стремление к справедливости, гражданское мужество, жизнелюбие и оптимизм.

Коллектив КазНУ им. аль-Фараби выражает глубокое соболезнование родным и близким Кайрата Зиявича в связи с тяжелой и невосполнимой утратой. Светлая память о нем как о замечательном человеке и достойном сыне казахского народа навсегда останется в наших сердцах.

*Казахский национальный университет им. аль-Фараби*

9 апреля 2013 г. ушел из жизни государственный советник юстиции 3 класса, генерал-майор, почетный работник прокуратуры Республики Казахстан Жусупов Кайрат Зиявич.

Кайрат Зиявич родился 25 сентября 1948 г. в с.Улыгули Зерендинского района Кокчетавской области. После окончания средней школы поступил на юридический факультет Казахского государственного университета им.

Жуырда қазақ білімі мен ғылымының қара шаңырағы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Иран Ислам Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік Жоғарғы Кеңесі Хатшысы Саид Джалили мырзаның дәрісі өтті. Университетіміздің профессорлық-оқытушылық құрамы, докторанттар, магистранттар мен студенттер қауымы саясатта салмағы басым саясаткердің мазмұнды дәрісін тыңдауға мүмкіндік алып, белсене қатысты.

## ӘЛЕМ МЕМЛЕКЕТТЕРІ ҚАЗАҚСТАННАН ҮЛГІ АЛУДАРЫ ТИІС

Қазіргі таңда әлем назары Иран Ислам Республикасында. Себебі халықаралық МАГАТЭ ұйымы Иран мемлекеті белгіленген шежеден тыс уран байытуда деген шешімінен кейін батыс мемлекеттері тарапынан тез арада тоқтатылу талап етілді, экономикалық санкциялар күшіне еніп, әлі күнге дейін жалғасуда. Тіпті, қарулы қақтығыстар орын алуы мүмкін деген болжамдар да болды және өз маңыздылығын жоймауда. III Дүниежүзілік соғыс қаупі туралы әлі де болса адамзат баласының үрейі сөйлеп қалған жоқ. Қалай десек те ядролық қару төңірегіндегі мәселе өзектілігі күн санап артуда. Әлем лидерлері келіссөздер арқылы мәселені шешуге ұмтылуда.

Ядролық қарусыз әлем құруда Қазақстан әлем мемлекеттері арасында алдыңғы кезекте келеді. Иран мәселесі бойынша да ҚР шет қалған жоқ. Диалог алаңын ұсына отырып, келіссөздер арқылы оң нәтижеге қол жеткізуге өз септігін тигізуде. Университетімізде өткен дәріс те тікелей осы мәселеге арналды.

Иран Ислам Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік Жоғарғы Кеңесі Хатшысы Саид Джалили мырзаның дәрісі мол қызығушылық тудырып қана қоймай, дәріс тыңдаушылар өз көкейінде жүрген сұрақтарына тұшымды жауап алды. Аймақтық қауіпсіздік пен Тегеранның бейбіт атомдық бағдарламасына арналған дәріс бір жарым сағатқа созылды. Дәріс барысында Саид Джалили мырза әлемдік ядролық қауіпсіздік пен саяси процестерге, демократия,

саясаттағы мораль мәселелеріне ерекше тоқталды. Ядролық қауіпсіздік мәселесі бойынша «Иран Республикасының «атомдық бағдарламасы» бейбіт мақсаттығана көздейді. Ядролық қаруды қолданбауға біздің ел де аса мүдделі. Өйткені бұдан бірінші кезекте бейбіт халық зардап шегеді.

Бүгінде әлемдік державалардемократияны, бейбіт қоғамды ұран еткенімен, қару шығаруын тоқтатқан жоқ. Ал қарумен бейбітшілік орнату мүмкін емес», – деп өз ойын білдірді лектор

**Саид Джалили,**

Иран Ислам Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік жоғарғы кеңесі хатшысы:

- Бүгінде әлемде ядролық қаруы бар мемлекеттердің сол қаруды иеленуіне ешкім рұқсат берген де емес және құқықтары да жоқ. Әрбір мемлекеттің атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалануына құқы бар. ИИР бейбіт мақсатта атом энергиясын болашақта пайдаланатын болады. Ал Қазақстан Республикасы туралы айтар болсам, Қазақстан бейбітшілік жолында ядролық қарудан өрікті түрде бас тарта отырып, өзге мемлекеттерді ядролық қарусыз әлем құруға шақыруда көш басында келеді. Бұл Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Назарбаев пен Қазақстан халқының саналы түрде жасаған дұрыс таңдауы және ірі мемлекеттер Қазақстаннан үлгі алулары тиіс.

мырза. Сонымен қатар студенттер тарапынан 2005 жылғы және ағымдағы жылдың ақпанындағы Иран мемлекетінің Жоғарғы басшысы Аятолла Хаменеидің ядролық қаруға тыйым салу туралы пәтуаларының нәтижесінде БАҚ беттерінде жиі жариялана бермейтіндігі туралы сұрағына: «Ислам республикасында пәтуаны орындау ел үкіметі үшін міндетті болып табылады және ядролық қару

ислам заңдылықтарына сәйкес харам ретінде танылған. Ал ақпараттық агенттіктер әлемдік державалардың мүддесіне жұмыс істеп келеді», – деп жауап берді. Демократия мәселесі бойынша және аудиториядан Иранның Сириядағы жағдайды тұрақтандырудағы аймақтық держава ретіндегі рөлі туралы сұраққа: «Сирия халқы ешбір мемлекеттің араласуынсыз өз тағдырын өзі шешуі қажет. Қазіргі таңда әлемдік державалар демократияны, бейбіт қоғамды ұран ете

қырып жою қаруынан әлемдегі барлық ел бас тартуы керек. Өкінішке орай, қазір әлемді өлділікке мәс кұшбилеуде», – деп атап өтті. Журналистер тарапынан Солтүстік Кореяның ядролық қару мәселесі бойынша Иран елінің позициясы сұралды. «Аталған мәселе тек бейбіт жолмен, яғни келіссөздер арқылы шешімін табуы қажет», – деп сауатты түрде жауап берілді.

Дәрістің біздің студенттер қауымы үшін маңыздылығы неде деген сұраққа келетін болсақ, біріншіден, еліміздегі ЖОО ішінен Саид Джалили мырзаның лекциясы алғаш рет әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да өтуі, екіншіден, әлемдік саяси процеске тікелей қатысушы саясаткердің өз аузынан мазмұнды дәріс тыңдау мен пікір алмасу мүмкіндігінің болғанында.

ҚазҰУ-да әлемдік деңгейдегі көшбасшылардың, профессорлардың, Нобель сыйлығы иегерлерінің лекциялары жиі өтіп тұратындығы белгілі. Осы орайда, әлемдік маңызы бар мәселелерге тікелей қатысушы тұлғалардың дәрістерін тыңдауға мүмкіндік берген университет ректоры, академик Ф. Мұтановқа және ҚазҰУ ұжымына студенттер тарапынан алғысымды білдіргім келеді.

*Шалқар НҮРСЕЙІТОВ,  
философия және  
саясаттану факультетінің  
4-курс студенті*

**В КазНУ открыта аудитория им. Николая Косова – первого декана физического факультета КазГУ**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде қазақ халқының барлық салт-дәстүрін сақтай отырып, үлкен деңгейде «Наурыз-жыл басы» атты мейрам өтті.

ҚазҰУ-да өткен Наурыз тойына шетелдік қонақтар, шетел дипломатиялық корпусы өкілдері қатысты.

Мерекелік думанда «Фараби сазы» ұлт аспаптар оркестрі, «Бақыт» би ансамблі, оркестр сүйемелдеуімен және Д. Алтынбеков пен студенттік хордың орындауында халық әні «Қыздарай», С. Жанатқызы мен студенттік хордың орындауында Ө. Есбаевтың әні «Қыз қуу», халық әні «Бүлдірген», С. Мұхамеджановтың «Шаттық Отаны» күй поэмасынан үзінділер айтылды.

Одан кейін дәстүрлі мерекені университет ректоры Ғ. Мұтанов өзінің мерекелік сөзімен жалғады. Ректор мерекелік құттықтауында: «Наурыз – бұл рухани мереке. Олізгілікті, мейірбандықты, парасаттылық пен дархандықты, ауызбіршілікті, жақсылықты дәріптейтін мейрам. Сондай мәні ізгі мейрамды біздің университетімізде де жыл сайын атадәстүрімізді барынша сақтай отырып өткізіп келеміз. Сайып келгенде, бұл 20 мыңнан астам жалынды жастары бар университеттің студенттеріне рухани-мәдени мән сыйлайтын мереке», – деді.

Тіпті, бұл мейрамды университеттің көркем-өнерпаздар үйірмелері мен факультеттері дайындаған «Қош келдің, өз-Наурыз» композициясымен жандандыра түсті.

Сондай-ақ, «Ана тілі аурулары» мен «Жігіт сұлтандарының» көрінісі мен «Қазақ елі осындай» әні және «Қыдыр атаның» батасы бұл күннің мерейін өсірді.

Нағыз қазақы дәстүр сақталған шарада көздің жауын алатын, әсем 18 киіз үй тігілген болса, ал айналасына жиналып, мерекенің мейірін сезінген оқытушылар, студенттер мен қонақтарды театрландырылған көріністер тамашалап, наурыз көже, бауырсақ және басқа да ұлттық тағамдардан дәм татып, таңданып, тамсанып тарқасты.

# Ұлттық университетте ұлттық мейрам ұлықталды



## ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Думанды шарада ҚазҰУ қызметкерлерінің «Парасат» кәсіподағының «Тазалық апталығы» байқауының қорытындысы жарияланды. «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың үздік оқу ғимараты» номинациясы бойынша III орынды тарих, археология және этнология факультеті мен журналистика факультеті, II орынды физика-техникалық факультеті мен филология, әдебиеттану және өлем тілдері факультеті, I орынды химия және химиялық технология факультеті иеленсе, «Үздік жатақхана» номинациясы бойынша III орын – № 14 жатақхана мен журналистика факультетінің № 5 жатақханасына, II орын – № 7 жатақханаға бұйырса, I орын – география және табиғатты пайдалану факультетінің № 4 жатақханасына берілді. Ал, «Үздік құрылымдық бөлімше» номинациясы бойынша III орын – Конфуция Институтына, II орын – оқу-спорттық ғимаратына, I орын – әскери кафедрасына берілді. Сондай-ақ, «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың үздік кафедрасы» номинациясы бойынша III орынды – аналитикалық, коллоидтық химия және сирек элементтер технологиясы кафедрасы мен орыс филологиясы, орыс және өлем әдебиеті кафедрасы, II орынды – биоалуантүрлілік және биоресурстар мен жылуфизика және техникалық физика кафедралары, ал I орынды қылмыстық құқық, қылмыстық іс-жүргізу құқығы және криминалистика кафедрасы иеленді. Ал, «Үздік факультет» номинациясы бойынша III орын – халықаралық қатынастар факультеті мен механика-математика факультеті, II орын – заң факультеті мен экономика және бизнес жоғары мектебі, I орын – шығыстану факультетіне берілді.

Бетті дайындаған Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ

### ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

### РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА  
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА  
Тілші – Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА  
Корректорлар: Гүлжан РҮСТЕМБЕКОВА, Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА  
Беттеуші – Айжан ЖАҚЫПОВА  
Фототілшілер: Алмат МҰХАМЕТЖАНОВ, Асқар ТАМАШ

### МЕКЕН-ЖАЙЫ:

050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.  
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.  
"Бизнес Информ" баспаханасында (Төле би көшесі, 108) басылды.  
Тел.: 8 (727) 293-09-09

### Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 1000 дана.  
Тапсырыс № 10389

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.